

Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 29 Заңы.

МАЗМҰНЫ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы" деген сөздер тиісінше "цифрлық инфрақұрылым", "цифрлық инфрақұрылымның", "цифрлық инфрақұрылымының", "цифрлық инфрақұрылымы" деген сөздермен ауыстыру көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды, елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктерін, азаматтар мен ұйымдардың қорғаныс саласындағы құқықтары мен міндеттерін реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) азаматтық персонал – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде мемлекеттік қызметте болатын немесе еңбек қатынастарында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары;
- 2) арнаулы әскерлер – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған инженерлік және химиялық қамтамасыз ету, барлау, байланыс, радиоэлектрондық күрес, ақпараттық қауіпсіздік әскери бөлімдері мен бөлімшелері;
- 3) арнаулы құралымдар – жұмылдыру жарияланған кезде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, көлікті, көлік инфрақұрылымы мен байланыс объектілерін күзету және оларды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды орындау, медициналық қызметтер (көмек) көрсету, сондай-ақ төтенше жағдайларды оқшаулау және жою үшін мемлекеттік органдар және меншік нысанына қарамастан ұйымдар қорғаныс жүйесінде құратын құралымдар;

3-1) Арнаулы операциялар күштері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің арнаулы операциялар жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндеттерді орындауға арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бір бөлігі;

4) аумақты жедел жабдықтау – қорғаныс мақсатында міндеттерді жедел шешу үшін пайдалануға көлік құрылыстарын, жол желілерін, қойма шаруашылығын, байланысты, сумен, жылумен және энергиямен жабдықтауды дайындауға және ұдайы әзірлікте ұстап тұруға бағытталған іс-шаралар кешені;

5) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-1) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8) әскери атташе аппараты – шет мемлекетте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мүддесін білдіретін әскери қызметшілер болып табылатын қорғаныс мәселелері жөніндегі атташе (әскери атташе), оның орынбасарлары мен көмекшілері;

9) әскери басқару органдары – стратегиялық, жедел- стратегиялық, жедел-аумақтық, жедел-тактикалық, тактикалық және жергілікті әскери басқару органдары;

10) әскери бөлім – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ұйымдық-дербес бірлігі болып табылатын, шартты және (немесе) нақты атау берілетін республикалық мемлекеттік мекеме;

10-1) әскери қатынастар органдары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамына кіретін, әскери тасымалдарды жоспарлауды және ұйымдастыруды, әскери тасымалдарды орындау үшін теміржол, теңіз, ішкі су және әуе көлігінің дайындығын бақылауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндеттерді орындауды жүзеге асыратын әскери бөлімшелер;

11) әскери мақсаттағы автоматтандырылған басқару жүйесі – бейбіт кезде және соғыс уақытында әскерлерді (күштерді) басқару мақсатында шешімдер қабылдау, міндеттерді жоспарлау, белгілеп алу және оларды әскерлерге (күштерге) жеткізу, олардың орындалуын бақылау үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

11-1) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым – мемлекеттің әскери ұйымының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жиынтығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-2) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-2) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторы – мемлекет жүз пайыз қатысатын, өзіне әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін құру жөніндегі жобаларды басқару функциялары, сондай-ақ оларды ендіру, қолдап отыру, дамыту, интеграциялау және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсету, мемлекеттік органдардың әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының субъектілеріне консультациялық көмек көрсету және әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның ақпараттық қауіпсіздігіне сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі функциялар жүктелген заңды тұлға;

12) әскери мүлік – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелерінің жедел басқару құқығындағы қорғаныс объектілері, қару-жарақтың, әскери техниканың барлық түрі, арнайы құралдар және басқа да мүлік;

13) әскери техника – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар жарактандырылатын жауынгерлік машиналар, әскери корабльдер (катерлер мен басқа да кемелер), әскери әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары;

14) әскерлер түрі – өзіне ғана тән негізгі қаруы мен әскери техникасы, сондай-ақ оларды ұрысқа қолдану тәсілдері бар, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің дербес не құрамдас бөлігінің құрамына кіретін түрі;

15) басқа да әскерлер мен әскери құралымдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Авиация қызметі, Шекара академиясы, әскери қарсы барлау және әскери полиция органдары және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын өзге де бөлімшелері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштері, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен әскери бөлімдері, әскери прокуратура органдары;

15-1) бірыңғай әскери-техникалық саясат – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жоғары техникалық жарактандырылуын қамтамасыз ету мүдделерінде олардың алдына қойылған практикалық міндеттерді, мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктері мен әскери-саяси ахуалдың жай-күйін ескере отырып, мемлекеттік органдар іске асыратын тұжырымдамалық көзқарастар мен практикалық әрекеттер жүйесі;

16) жабдықтау нормалары (табиғи нормалар) – бейбіт кезде немесе соғыс уақытында әскери қызметшілерге, бөлімшелерге, әскери бөлімдерге (корабльдерге) және құрамаларға беруге белгіленген материалдық құралдардың саны;

17) жауынгерлік әзірлік – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың өздеріне жүктелген міндеттерді белгіленген мерзімдерде орындауға дайындығының дәрежесін айқындайтын жағдай;

18) жауынгерлік қабілеттілік – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскерлерінің (күштерінің) мақсатқа сай жауынгерлік (әскери, арнайы) іс-қимылдар жүргізуіне және өздерінің жауынгерлік мүмкіншіліктерін іске асыруына мүмкіндік беретін жай-күйі;

19) жауынгерлік міндет – ұрыста (операцияда) белгілі бір мақсатқа белгіленген мерзімде қол жеткізу үшін жоғары тұрған командир (бастық) қойған міндет;

20) жоғары қолбасшылық (жоғары қолбасшылық құрам) – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшылары және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын өзге де лауазымды адамдар;

20-1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің аумақтық әскерлерін арнайы өрістету – төтенше жағдай режимін енгізу және қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою кезінде және Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де жағдайларда іс-шараларды орындау жөніндегі арнаулы әскери жиындарға әскери міндеттілерді шақыру жолымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері аумақтық әскерлерінің әскери бөлімдері мен бөлімшелерін жасақтау;

21) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес барлау және жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімшелері;

22) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері (бұдан әрі – Қарулы Күштер) – қорғанысты қамтамасыз ету, агрессияға тойтарыс беру немесе тікелей сыртқы қатерді болғызбау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінен туындайтын міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы құратын және ұстайтын, мемлекеттің әскери ұйымының негізі;

22-1) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспары – мемлекеттің қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі өзара байланысты құжаттардың жинақталымы;

23) қару-жарақ – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға арналған әртүрлі қару түрлері, кешендер мен жүйелер, көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар, оқ-дәрілер, сондай-ақ оларды Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қолдануды қамтамасыз ететін жүйелер, құрылғылар, жеткізгіштер мен аспаптар;

24) қару-жараққа және әскери техникаға жинақтауыштар – жиынтықтағанда қару-жарақ пен әскери техниканың конструктивтік тұтастығын құрайтын құрамдас бөліктер және қару-жарақ пен әскери техникаға қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтар;

25) Қарулы Күштердің арнаулы операциялары – Қарулы Күштердің әскерлерін бейбіт кезде және соғыс уақытында қолданудың ерекше нысаны;

26) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақ (бұдан әрі – тыйым салынған аймақ) – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдарына, базалары мен қоймаларына тікелей шектесіп жатқан және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған ауданның бір бөлігі болып табылатын аумақ;

27) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудан (бұдан әрі – тыйым салынған аудан) – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдарына, базалары мен қоймаларына іргелес жатқан, шегінде тыйым салулар мен шектеулер белгіленген аумақ;

28) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарағы мен әскери техникасының кадастры – жарақтандыруда тұрған қару-жарақ пен әскери техника, олардың сапалық сипаттамасы, мақсаты, дайындаушы кәсіпорын, дайындалған, қарулануға қабылданған және қаруланудан шығарылған күні туралы деректер негізінде кезең-кезеңмен жасалатын мәліметтердің жүйеленген жинағы;

29) Қарулы Күштердің түрі – мемлекеттің белгілі бір салада (құрлықта, теңізде, әуе кеңістігінде) соғыс қимылдарын жүргізуге арналған Қарулы Күштерінің бір бөлігі;

30) қорғаныс – әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету, егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасына қолсұғылмаушылықты қарулы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі саяси, әскери, экономикалық, ақпараттық, экологиялық, әлеуметтік-құқықтық және өзге де сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі;

31) қорғаныс объектілері – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелеріне жедел басқару құқығымен бекітіліп берілген жылжымайтын мүлік;

32) қорғаныстық зерттеулер – мемлекеттің әскери ұйымын, әскери өнерді дамыту, қару-жарақтың, әскери техниканың, техникалық және арнайы құралдардың жаңа үлгілерін әзірлеу, жасау, оларды ендіру, қарулануда, жарақтандыруда, жабдықтауда және пайдалануда тұрған қару-жарақ пен әскери техниканың үлгілерін жаңғырту, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, аумақтық қорғанысының құрылысы мен

оларды қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған, стратегиялық, қолданбалы, талдамалық және әлеуметтік зерттеулерді қамтитын қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласындағы зерттеулер;

33) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

34) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

35) материалдық-техникалық қамтамасыз ету – Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қаружарақпен, әскери техникамен және басқа да мүлікпен қамтамасыз ету, оларды жөндеу және қалпына келтіру, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік әзірлікте ұстап тұру және ұрысқа қолдану үшін олардың материалдық, медициналық, көліктік, тұрмыстық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені;

36) мемлекеттің әскери ұйымы – бірлескен қызметі Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің жиынтығы;

37) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

38) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

39) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

40) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

41) пайдаланылмайтын әскери мүлік – қаруланудан шығарылған, тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запаста сақтаудың кепілді мерзімдері өткен, Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қолданылмайтын басы артық мүлік;

42) соғыс жағдайы – мемлекеттер арасындағы соғыс жарияланған (соғыс қимылдары нақты басталған) кезден бастап ол аяқталғанға (нақты тоқтатылғанға) дейінгі қарым-қатынастар;

43) соғыс қатері – орын алған қайшылықтарды әскери-күш қолдану әдістерімен шешуге, Қазақстан Республикасына қарсы соғыс қақтығысын (соғысты) бастауға нақты қалыптасқан ниет;

44) соғыс қаупі – саяси және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасына қарсы әскери күш көрсету құралдарын қолдану мүмкіндігін көздейтін тұрақсыздық факторы;

45) соғыс қимылдары – агрессияға тойтарыс беру кезінде алға қойылған жауынгерлік міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің барлық түрі қолданылатын стратегиялық ауқымдағы (ұрыс қимылдарын қоса алғанда) іс-қимылдар кешені;

46) соғыс уақыты – соғыс жағдайы жарияланған немесе соғыс қимылдары іс жүзінде басталған кезден бастап соғыс қимылдарының тоқтатылғаны туралы жарияланған кезге дейінгі, бірақ олардың іс жүзінде тоқтатылуынан бұрынғы кезең;

47) алып тасталды – ҚР 10.06.2020 № 344-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

48) ұрыс қимылдары – тиісті әскери басқару органдарының басқаруымен жауынгерлік міндеттерді орындау кезіндегі әскери бөлімдердің, құрамалар мен бөлімшелердің ұйымдасқан іс-қимылдары.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.05.2020 № 337-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

1) басқа мемлекеттердің егемендігін, мемлекеттік шекараларының мызғымайтындығын, аумақтық тұтастығын құрметтеу және олардың ішкі істеріне араласпау;

2) әскери саладағы сенімділік және ашықтық шараларын нығайту;

3) халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу;

4) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық міндеттемелерді сақтау және шарттардың мақсатына қол жеткізуге жәрдемдесу;

5) өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік негізінде барлық елдермен достық қарым-қатынасты ұстану;

6) әскери жанжалдарды болғызбауға, бейбітшілікті қолдау мен қалпына келтіруге бағытталған жаһандық және өңірлік қауіпсіздік жүйелерін құруға қатысу болып табылады.

4-бап. Қорғаныс саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Қорғаныс саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) соғыс қаупі мен соғыс қатерін болжауды және бағалауды;

2) Қазақстан Республикасының әскери саясаты мен әскери доктринасы ережесінің негізгі бағыттарын әзірлеуді;

3) құқықтық реттеуді;

4) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдануды жоспарлауды, олардың қажетті санын, құрылысын, даярлығын анықтауды және олардың ұрысқа әзірлігі мен жұмылдыру даярлығының талап етілетін деңгейін ұстап тұруды;

5) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды басқару жүйесін дамытуды, сондай-ақ радиожилілік спектрін пайдалануды жоспарлауды;

6) бірыңғай әскери-техникалық саясатты әзірлеуді және іске асыруды;

7) елдің мемлекеттік органдарының, ұйымдарының, көлігінің, коммуникациялары мен халқының күні бұрын жұмылдыру дайындығын, сондай-ақ аумақты Қазақстан Республикасының қорғанысы мүдделерінде жедел жабдықтауды қамтитын, бейбіт уақытта жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін;

8) мемлекеттік материалдық резерв запастарын құруды;

9) азаматтарды әскери қызметке даярлауды, соғыс уақытына арнап әскери оқытылған резервті жинақтауды және әскери-патриоттық тәрбиені;

10) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы мен аумақтық қорғанысы іс-шараларын жоспарлауды және жүзеге асыруды;

11) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын ұйымдастыруды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді;

12) қорғаныс мүддесіне орай ғылымды дамытуды;

13) әскери қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде радиациялық, химиялық және биологиялық қауіпсіздікке байланысты міндеттерді орындау кезінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді;

14) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметін бақылауды;

15) ұжымдық қауіпсіздік және бірлескен қорғаныс мақсатындағы халықаралық ынтымақтастықты;

16) қорғаныс саласындағы өзге де іс-шараларды қамтиды.

2. Қорғаныс мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген міндеттердің өзге де түрлері белгіленеді.

3. Әскери қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мемлекеттің әскери ұйымы шешеді.

4. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар және ұйымдар Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес қорғаныс саласындағы міндеттерді орындайды.

5. Жер, орман, су және басқа да табиғи ресурстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаныс мұқтажы үшін беріледі.

6. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелеріне бекітіліп берілген мүлік республикалық меншік болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2022 № 123-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ, ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЖӘНЕ ҮКІМЕТІНІҢ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

5-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің қорғаныс саласындағы өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан Республикасы әскери саясатының негізгі бағыттарын айқындайды;

2) Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен даму тұжырымдамасын, сондай-ақ әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі тұжырымдамаларды бекітеді;

2-1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану қағидаларын, Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау қағидаларын және Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау қағидаларын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысының директиваларын бекітеді;

3-1) әскери жоспарлау жүйесін бекітеді;

4) Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға жалпы басшылықты жүзеге асырады;

5) Қарулы Күштердің құрылымын, штат санының лимитін бекітеді;

6) осы Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген міндеттерді орындау үшін бұл туралы Республика Парламентін дереу хабардар ете отырып, Қарулы Күштерді қолдану туралы шешімдер қабылдайды;

7) жоғары әскери атақтар береді;

8) Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) әскери ант мәтінін, жалпы әскери жарғыларды, әскери қызметті өткеру ережесін, әскери нышандарды, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысаны мен айырым белгілерін бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының қорғаныс және әскери ынтымақтастық саласында келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды;

11) Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару, жұмылдыру бойынша, соғыс уақытында әскери қызметке шақыру, сондай-ақ әскери міндеттілерді арнаулы әскери жиындарға, оның ішінде төтенше жағдай режимін енгізу және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау мақсатында шақыру туралы шешім қабылдайды;

12) Парламент палаталарының бірлескен отырысының қарауына Қарулы Күштерді бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы ұсыныс енгізеді;

13) Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше немесе соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялайды және бұл туралы Республика Парламентін дереу хабардар етеді;

14) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің қорғаныс саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Парламенті:

- 1) Қазақстан Республикасының қорғанысын қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңдар қабылдайды, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 2) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Қарулы Күштерді бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану туралы шешім қабылдайды;
- 4) әскери атақтарды белгілейді;
- 5) қорғаныс және әскери ынтымақтастық мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды бекітеді және күшін жояды;
- 6) қорғаныс және Қарулы Күштер мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді.

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғаныс саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттің әскери саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді, республиканың қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асырады;
- 2) Қорғаныс министрлігінің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;
- 3) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) әскери оқу орындарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

7) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелерінің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі мен шарттарын айқындайды;

8) Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құралымдарды қару-жарақпен, әскери техникамен және материалдық-техникалық ресурстармен жарақтандыруды және қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

8-1) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторын айқындайды;

9) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) аумақты Қазақстан Республикасының қорғанысы мүдделерінде жедел жабдықтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

14) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14-1) алып тасталды – ҚР 10.06.2020 № 344-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың санаттары мен санын айқындайды;

16) әскери оқытылған резервті құруға және даярлауға жалпы басшылықты жүзеге асырады, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтауға мемлекеттік тапсырысты бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы мен аумақтық қорғанысын жоспарлауды және оларға басшылық жасауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жерді, орманды, суды және басқа да табиғи ресурстарды қорғаныс мұқтаждықтары үшін беру және пайдалану тәртібін айқындайды;

19) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

20) әскери және әскери-экономикалық ынтымақтастық мәселелері бойынша халықаралық келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды;

21) қорғаныс мұқтаждықтары үшін жеке және заңды тұлғалардан реквизицияланған , сондай-ақ берілген мүліктің құнын мемлекеттің өтеу тәртібін айқындайды;

22) әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару тәртібін белгілейді;

23) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

24) меншік нысандарына қарамастан, ұйымдарда мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

24-1) тыйым салынған аймақтарды, тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын және тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар тізбесін (бұдан әрі – тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидалары) бекітеді;

24-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша иеліктен шығарылатын қорғаныс объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша бекітеді;

24-3) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіп берілген әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жұмыс істеуін қамтамасыз ету шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын бекітеді;

25) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әскери-саяси ахуалдың кез келген жағдайында мемлекеттің әскери ұйымының орнықты жұмыс істеуін ұйымдастырады.

Соғыс уақытында және соғыс жағдайы енгізілген кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) экономиканы соғыс уақыты жағдайларында жұмыс істеу немесе соғыс жағдайы режиміне көшіруді;

2) Қарулы Күштер мен арнаулы мемлекеттік органдар үшін резервтер дайындауды, адами және материалдық ресурстарды жұмылдыруды;

3) Қарулы Күштерді және арнаулы мемлекеттік органдарды қарулы күрес жүргізу үшін күштермен және құралдармен қамтамасыз етуді;

4) ақпараттық қауіпсіздікті және тайталасты ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.05.2020 № 337-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ, АЗАМАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8-бап. Орталық атқарушы органдардың қорғаныс саласындағы функциялары

Орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы іс-шараларына, саланың жұмылдыру дайындығына, жұмылдыру мақсатындағы объектілерді, қорғаныс мұқтажына қажетті өнімдер әзірлеу, өндіру, шығару және жөндеу жөніндегі қуаттарды құруға, дамытуға және сақтауға қатысады және жұмылдыру резервтерінің толықтырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және оны іске асыру жөніндегі құжаттарды әзірлеуге қатысады;

1-1) әскери-патриоттық тәрбие жүйесін дамыту мен ілгерілетуге бағытталған іс-шараларға қатысады;

2) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) саланы Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес іс-шараларды орындауға тікелей дайындауды ұйымдастырады, саланың соғыс уақытында орнықты жұмыс істеуі жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

4) арнаулы құралымдар құрады және оларды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ ведомстволық бағынысты объектілер болған кезде олардың инженерлік-техникалық нығайтылуы және диверсияға қарсы қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

5) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастырып, жүргізеді және ведомстволық бағынысты ұйымдардың оларды орындауын қамтамасыз етеді;

6) республика халқын қорғанысқа даярлауға қатысады, Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

6-1) қатынас жолдарын техникалық жабуды және аумақты жедел жабдықтауды қамтамасыз етеді;

6-2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңесімен тікелей өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

7) осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қорғаныс саласындағы функциялары

Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын іске асыру жөніндегі құжаттарды әзірлеуге, аумақты Қазақстан Республикасының қорғанысы мүдделерінде жедел жабдықтау іс-шараларын орындауға қатысады және коммуникацияларды қорғаныс мақсатында дайындауды қамтамасыз етеді;

2) қорғаныс мақсатында көлік және басқа да техникалық құралдардың есебін жүргізуді және жұмылдыру даярлығын қамтамасыз етеді;

3) халықты және аумақты қорғанысқа даярлауға қатысады, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың материалдық, энергетикалық және өзге де ресурстарға және олардың тапсырысы бойынша қызмет көрсетулерге қажеттіліктерін Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді;

4) әскери есепке алуды және азаматтарды әскери қызметке даярлауды, олардың әскери қызметке, әскери жиындарға шақырылуын және жұмылдыру бойынша шақырылуын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді;

5) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы мен аумақтық қорғанысы іс-шараларын жоспарлауға қатысады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

6-1) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-2) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-3) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-1) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-2) мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мүліктің бүлінуі (жойылуы) кезінде залалды айқындау жөніндегі комиссияны құрады;

7-3) қатынас жолдарын техникалық жабуды және аумақты жедел жабдықтауды қамтамасыз етеді;

7-4) Қорғаныс министрлігінің жанындағы әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңесімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

7-5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жанынан әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерін құрады және олар туралы ережені бекітеді;

7-6) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде әскери-патриоттық тәрбие жүйесін дамыту мен ілгерілетуге бағытталған іс-шараларды іске асырады;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының қорғаныс саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының азаматтары:

- 1) келісім-шарт негізінде ерікті түрде әскери қызметке баруға;
- 2) қорғанысты нығайтуға жәрдемдесетін ұйымдардың қызметіне қатысуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары:

- 1) әскери міндеттілікті орындауға;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы мен аумақтық қорғанысы іс-шараларына қатысуға;
- 3) жұмылдыру кезеңінде және соғыс жағдайында өздерінің меншігіндегі мүлікті қорғаныс мұқтажы үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оның құнын кейіннен мемлекеттің тең бағада өтеуімен беруге міндетті.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың қорғаныс саласындағы функциялары

Меншік нысанына қарамастан ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысы мен аумақтық қорғанысы іс-шараларын орындауға қатысады;

2) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) жұмылдыру кезеңінде және соғыс жағдайында өздерінің меншігіндегі мүлікті қорғаныс мұқтажы үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оның құнын кейіннен мемлекеттің өтеуімен береді;

5) өз қызметкерлерінің әскери міндетін орындауы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

6) арнаулы құралымдар құрады және оларды материалдық-техникалық құралдармен камтамасыз етеді, сондай-ақ ведомстволық бағынысты объектілер болған кезде олардың инженерлік-техникалық нығайтылуы және диверсияға қарсы қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Қазақстан Республикасының қорғанысын қамтамасыз ету

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 10.06.2020 № 344-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз ету

Ескерту. 12-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 10.06.2020 № 344-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз ету Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстарды бөліп отыру, Қазақстан Республикасының қорғанысын кепілді қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде оларды қару-жарақпен, әскери және арнаулы техникамен жарақтандыру болып табылады.

2. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз етудің негізгі міндеттері:

1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстарға қажеттіліктерін қанағаттандыру;

2) қару-жарақ пен әскери техниканы өндіруді, жөндеуді және жаңғыртуды жүзеге асыру үшін ғылыми-техникалық және өндірістік базаны жетілдіру;

3) экономиканың жұмылдыру даярлығы мен елдің халқын жұмылдыруға даярлаудың тиімді жүйелерін құру;

4) әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелерін және әскери қызметтен босатылған адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыру, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кепілдіктерін іске асыру;

5) өзара тиімді халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2020 № 344-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Қорғанысты қаржыландыру

1. Қорғанысты қаржыландыру Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстарға қажеттіліктерін кепілді қанағаттандыруға бағытталады.

2. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, сондай-ақ қорғанысқа арналған шығыстарды қаржыландыру бюджет қаражаты және осы Заңның 24-бабында көзделген өзге де қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

3. Шет мемлекеттермен бірлесіп пайдаланылатын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әскери объектілерді және қару-жарақ қысқартуды бақылау мен инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

4. Қорғанысқа бөлінген бюджет қаражатының, сондай-ақ Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаның пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қару-жарақ пен әскери техниканы қоса алғанда, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді әзірлеуге, өндіруге, жеткізуге және қамтамасыз етуге арналған қорғаныс тапсырысына және халықаралық келісімдерге сәйкес басымдық тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру тәртібі, оны материалдық-техникалық және қаржылық жағынан қамтамасыз ету және сатып алу шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады.

3. Табиғи және техногендік немесе әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуал кезінде, төтенше жағдай кезеңінде, бірлескен операциялар мен оқу-жаттығуларды жүргізу кезінде тұрақты орналасқан жерінен тыс орналасқан Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды материалдық техникалық қамтамасыз етуді олар уақытша орналасқан объектілердегі сол Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар жүзеге асыруы мүмкін.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1-бап. Қарулы Күштерді мұнай өнімдерімен жабдықтау ерекшеліктері

Мұнай өнімдерін Қарулы Күштер мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан сатып алады.

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан кезде Қарулы Күштер оларды тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алуға құқылы.

Ескерту. 4-тарау 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Объектілер мен мүлікті қорғаныс мүдделеріне орай пайдалану

1. Пайдаланылмайтын әскери мүлікті және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу шеңберінде беруге жататын қорғаныс объектілерін қоспағанда, мемлекеттік меншік болып табылатын, экономика салаларының ұйымдарына жедел басқару, шаруашылық жүргізу құқығымен бекітіліп берілген және қорғаныс мұқтажын қамтамасыз етуге және жұмылдыру тапсырмаларын орындауға арналған объектілер мен мүлік иеліктен шығаруға жатпайды.

2. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар бейбіт уақытта пайдаланылмайтын қорғаныс объектілері бюджет қаражаты есебінен консервациялануға тиіс немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүліктік жалға (жалгерлікке берілуі), сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде басқа мемлекеттердің ұйымдарына берілуі мүмкін.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың республикалық мемлекеттік мекемелері алдында жеке және заңды тұлғалардың тамақтандыруды және монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету мақсатында олардың басшылары тиісті мемлекеттік органның басшысы айқындаған тәртіппен, тамақтандыруды немесе монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру туралы шарттың мерзімі шегінде ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беруді жүзеге асырады.

3. Пайдаланылмайтын әскери мүлік Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заңнамасына сәйкес берілуі, өткізілуі, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жойылуы және қайта өңделуі мүмкін.

Одан әрі сақталуы нақты қауіп төндіретін және дереу жоюды қажет ететін оқ-дәрілер пайдаланылмайтын әскери мүлік деп танылмайды және жойылуға жатады.

Оқ-дәрілерді дереу жоюды қажет ететін оқ-дәрілерге жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ оларды жою тәртібін Қорғаныс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды.

3-1. Әскери қарсы барлау органдары орналасқан қорғаныс объектілерін күзету мен күтіп-ұстауды аталған объектілер жедел басқаруында болатын Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға осы мақсаттар үшін бөлінетін бюджет қаражаты есебінен олар жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен:

1) соғыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жарамсыз күйге түскен немесе Қарулы Күштердің жеке құрамының өміріне қатер төнген кезде жоғалған әскери мүлікті есептен шығарады;

2) өздерінің жедел басқаруындағы әскери мүліктің есебін жүргізеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

15-1-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарын іске асыру мақсатында мүлікті пайдалану және иеліктен шығару

1. Қару-жарақты, әскери техниканы және арнайы құралдарды қоспағанда, әскери мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін уақытша иеленуге және пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Қорғаныс объектілері мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша шығындарды өтеу мақсатында жекеше әріптеске иеліктен шығарылуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес иеліктен шығарылатын қорғаныс объектілерінің инвестициялық шығындары мен құны өтемақысының жиынтық көлемі жекеше әріптестің инвестициялық шығындарының көлемінен аспауға тиіс.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша иеліктен шығарылатын қорғаныс объектілері Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен бағалауға жатады.

Ескерту. Заң 15-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

16-бап. Жерді, ғимараттарды, құрылыстарды, объектілерді және басқа да мүлікті қорғаныс мұқтажы үшін беру

1. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін берілген жер учаскелері олардың иелігінде және пайдалануында болады.

2. Жер учаскесін қорғаныс мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару және меншік иелері мен жер пайдаланушыларға олардың құнын өтеу Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қорғаныс мұқтажы үшін ғимараттар, құрылыстар, объектілер мен басқа да мүлік беріледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды кері қайтарып алу жүргізілуі мүмкін.

4. Қорғаныс мұқтажы үшін мүлікті реквизициялау соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайда және тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мүлікті иеленуге және пайдалануға беру тәртібі, сондай-ақ басқа мемлекеттер әскери құралымдарының жерді уақытша өтеулі пайдалану (жалға алу) тәртібі Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Қорғанысты ғылыми қамтамасыз ету және кадрларды даярлау

1. Қорғанысты ғылыми қамтамасыз ету мемлекеттің әскери ұйымының проблемаларын жан-жақты зерттеуге, елдің қорғаныс қабілеттілігін арттыру міндеттерін ғылыми әдістермен шешуге, тәжірибелік-конструкторлық, оның ішінде қосарланған мақсаттағы жұмыстарды орындауға, сондай-ақ ұлттық әскери-ғылыми әлеуетті дамытуға бағытталған.

2. Қазақстан Республикасының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері қорғаныс қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында қорғаныстық зерттеулерді жүзеге асырады.

3. Қорғаныстық зерттеулерді қаржыландыру тәртібін Қорғаныс министрлігі айқындайды.

4. Әскери, әскери-ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарында, білім беру ұйымдарында, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде шетелдік білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-1-бап. Қорғанысты ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету

Қорғанысты ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуді мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар жүзеге асырады және ол:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарында патриотизм мен қазақстандық біртектілікті;

2) барлық білім беру деңгейі мен барлық әлеуметтік топта әскери-патриоттық тәрбие жүйесін;

3) әскери қызметтің, әскери қызметшінің, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мәртебесінің оң имиджін қалыптастыру үшін жағдайлар мен алғышарттар жасауға бағытталған.

Ескерту. 4-тарау 17-1-баппен толықтырылды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. ҚАРУЛЫ КҮШТЕР, БАСҚА ДА ӘСКЕРЛЕР МЕН ӘСКЕРИ ҚҰРАЛЫМДАР

18-бап. Қарулы Күштер және олардың мақсаты

1. Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қаруланып қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзетуге және қорғауға, әуе кеңістігін күзетуге, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күресуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналған.

2. Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдері негізінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше ахуалдарды жою үшін, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар жүргізу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді күшейту және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнгенде және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылғанда қолданылуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда әскери, арнаулы техника, автомобиль техникасы және өзге де көлік құралдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауынгерлік техника ретінде пайдаланылады.

Қарулы Күштер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзету іс-шараларына тартылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінен туындайтын міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштерді қолдану Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда келісілген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қарулы Күштер құрамының бір бөлігі Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес біріккен (ұжымдық) әскерлерге (күштерге) кіруі немесе біріккен қолбасшылық қарамағында болуы мүмкін.

5. Төтенше жағдай режимін енгізу және қамтамасыз ету, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де жағдайларда Қарулы Күштердің аумақтық әскерлерін арнайы өрістету жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

19-бап. Қарулы Күштердің жалпы құрамы

Қарулы Күштер әскери басқару органдарын, Қарулы Күштер түрлерін, Арнаулы операциялар күштерін, әскерлер түрін, арнаулы әскерлерді, материалдық-техникалық қамтамасыз ету әскерлерін, аумақтық әскерлерді, әскери оқу орындарын, әскери-ғылыми мекемелер мен басқа да ұйымдарды қамтиды.

Қарулы Күштердің арнаулы әскерлерінің құрамына Қарулы Күштердің жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған инженерлік, геоақпараттық және гидрометеорологиялық қамтамасыз ету, барлау, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау, байланыс, радиоэлектрондық күрес, ақпараттық тайталас әскери бөлімдері мен бөлімшелері, әскери полиция органдары кіреді.

Жұмылдыру жарияланған кезде Қарулы Күштердің құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Авиация қызметі, Шекара академиясы және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын өзге де бөлімшелері, Ұлттық ұлан және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғанысты басқару органдары, сондай-ақ арнаулы құралымдар кіреді. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы құралымдарды Қарулы Күштердің құрамына беру мүдделі мемлекеттік органмен немесе ұйыммен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

20-бап. Қарулы Күштерді жасақтау

1. Қарулы Күштердің жеке құрамына әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдары кіреді.

2. Қарулы Күштер:

1) азаматтарды әскери қызметке шақыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың әскери қызметке ерікті түрде келуі арқылы әскери қызметшілерден;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес азаматтық персоналмен жасақталады.

3. Қарулы Күштерді жұмылдыруды өрістету үшін мемлекетте әскери оқып үйретілген резерв запасы құрылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253, 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

21-бап. Қарулы Күштерге басшылық және оларды басқару

1. Қарулы Күштерге әскери-саяси басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығының Ставкасы соғыс уақытында және соғыс жағдайы енгізілген кезеңде Қазақстан Республикасының әскери-саяси басшылығының жоғары органы болып табылады, мемлекеттің әскери ұйымын басқаруды, қорғаныс жөніндегі міндеттерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығының Ставкасы Қарулы Күштерді басқаруды өзінің жұмыс органы болып табылатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бейбіт кезде Қорғаныс министрлігінің ведомствосы болып табылады.

4. Қарулы Күштерді бейбіт уақытта басқаруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі жүзеге асырады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Қорғаныс министрлігінің функциялары

1. Қорғаныс министрлігі қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты, Қарулы Күштерді әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ мемлекеттік авиация және Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы салаларындағы уәкілетті орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) Әскери доктринаны, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен даму тұжырымдамасын, сондай-ақ әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі тұжырымдамаларды әзірлейді;

2-1) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысының директиваларын әзірлеуді үйлестіреді және бекітуге ұсынады;

3) Қарулы Күштердің, Қорғаныс министрлігінің және Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиттері шегінде Қорғаныс министрлігінің құрылымын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының және Қорғаныс министрлігі мен оның ведомствосының қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің құрылымын және штат санын, штаттарды, штаттарға табельдерді әзірлейді және бекітеді, әскери басқару органдарының штаттарын және штаттарға табельдерін есепке алуды жүргізеді;

3-1) әскери жоспарлау жүйесін әзірлейді;

4) мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің әскери құрамдасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының қызметін ұйымдастырады;

5-1) экономиканы, мемлекеттік органдарды және меншік нысанына қарамастан ұйымдарды жұмылдыру дайындығын ұйымдастыруға қатысады, сондай-ақ Қарулы Күштердің жұмылдыру жоспарын бекітеді;

5-2) Қарулы Күштерді топогеодезиялық қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5-3) Қарулы Күштерді навигациялық қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5-4) Қарулы Күштерді радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5-5) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу және оларды өткізуден түскен ақшаны пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6) Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнаулы әскерлердің жедел мақсаттары мен міндеттерін, олардың басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимыл жасауда қолданылуын айқындайды;

7) қорғаныстық зерттеулерге, әскери қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және басқа да жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады, олардың сапасын бақылауды ұйымдастырады;

8) Қарулы Күштерде әскерлерді инспекциялауды және қаржы қаражатының жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

9) ведомстволық әскери оқу орындарына қабылдауды, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, ведомстволық әскери оқу орындарының қызметін және оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады;

9-1) білім беру, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша білім беру ұйымдарында әскери даярлықтың сапасын мониторингтеу және талдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10) әскери қызметке шақырылуға дейінгі және шақырылатын жастардың әскери қызметке даярлығын үйлестіреді;

11) халықаралық әскери және әскери-экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11-1) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

12) Қарулы Күштерде заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналды әлеуметтік және құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етеді;

13) әскери қызмет өткеру, қорғаныс және Қарулы Күштер мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды және олардың орындалуын бақылайды;

13-1) өз құзыреті шегінде әскери қауіпсіздік саласындағы ақпараттық кеңістікке мониторингті және оған қатер төндіретін көздерге қарсы іс-қимылды жүргізеді;

14) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды және оларды қабылдап алуды жүзеге асырады;

15) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-1) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16) Қарулы Күштерде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

16-1) Қарулы Күштердің кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлейді және бекітеді, өз құзыреті шегінде кадрларды орналастыруды және әскери атақтар беруді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына лауазымдар тізбесіне сәйкес лауазымдарға тағайындау және әскери атақтар беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

16-2) Қарулы Күштерде әскери тасымалдарды ұйымдастыру қағидаларын және Қарулы Күштерде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16-3) қатынас жолдарына әскери-техникалық талаптарды белгілейді;

16-4) көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен бірлесіп, Қорғаныс министрлігі пайдаланатын кірме жолдарды пайдалану, оларға қызмет көрсету, күтіп-ұстау, жөндеу және олардың құрылысын жоспарлау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16-5) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарының бірінші басшыларымен бірлесе отырып, әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) Қорғаныс министрлігі және Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері шегінде әскери мүлікті береді, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) береді;

17-1) қарулануды бақылау саласындағы халықаралық шарттарды сақтау мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды және басқа да қатысушы мемлекеттердің осы шарттарды орындауын байқайды;

17-2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасады;

17-3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін пайдаланылмайтын мүлік деп таниды;

18) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қаруландыруға қару-жарақ пен әскери техниканы қабылдау қағидаларын бекітеді;

18-1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қарулануынан қару-жарақ пен әскери техниканы шығару қағидаларын бекітеді;

19) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарағы мен әскери техникасы кадастрын бекітеді;

20) әскери мақсаттағы ғарыш қызметі саласындағы жобалардың іске асырылуын ұйымдастырады;

21) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

22) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштерді жабдықтау нормаларын бекітеді;

23) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылатындардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы қағидаларды бекітеді;

24) тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын әзірлейді;

25) әскери атташе аппараты әскери қызметшілерінің қызметін және қызмет өткеру шарттарын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

26) әскери басқарудың жергілікті органдары туралы ережені бекітеді;

26-1) дербестендірілген белгілердің, омырауға тағатын белгілердің және өзге де әскери-геральдикалық белгілердің, әскери оқу орындарын бітіргені туралы, сыныпты мамандарға арналған белгілердің, әскери-қолданбалы, қызметтік-қолданбалы, техникалық және басқа да спорттық іс-шаралардың жүлдегерлеріне арналған наградальдық медальдардың (белгілердің) сипаттамасын, сондай-ақ оларды беру және Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің тағып жүру тәртібін бекітеді;

26-2) Қарулы Күштердің әскери қалашықтары мен оқу орталықтары аумағында орналасқан объектілерде ветеринария және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы ішкі бақылауды жүзеге асырады;

26-3) уәкілетті мемлекеттік орган басшысының ұсынуы бойынша Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріне және ұйымдарға, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғанысты басқару органдары мен әскери бөлімдеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарына, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органға, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімдеріне шартты атаулар береді;

26-4) әскери бөлімдер мен ұйымдарға нақты және шартты атаулар беру және Қарулы Күштерде хат-хабар алмасу кезінде оларды қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қарулы Күштердің аумақтық әскерлеріне басшылық жасауды жүзеге асырады;

26-6) Қарулы Күштерде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-7) Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының әскери қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын әзірлейді және бекітеді;

26-8) Қарулы Күштердегі қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-9) Қарулы Күштерде жұмылдыру, жедел және жауынгерлік дайындық, шифрланған, кодталған, құпияландырылған байланыс, мемлекеттік құпияларды қорғау, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

26-10) Қарулы Күштердің арсеналдарында, базалары мен қоймаларында зымырандарды және оқ-дәріні сақтауды ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

26-11) қару мен оқ-дәрінің ұрлануы, жоғалуы не әскери қызметшінің әскери бөлім орналасқан жерді қаруымен өз бетінше тастап кетуі туралы ақпаратқа Қарулы Күштердің әскери бөлімдері қолбасшылығының және әскери полиция органдарының ден қою қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-12) Қарулы Күштерде әскери-тарихи және мәдени жұмысты ұйымдастырады;

26-13) бастапқы әскери дайындық қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-14) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскерге шақыруға дейінгі даярлық қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-15) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-16) запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлық қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-17) Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарынан шығарып жіберу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-18) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштердің әскери медицина мамандарын даярлау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-19) қорғанысты ғылыми қамтамасыз етуді, оның ішінде қорғаныстық зерттеулерді ұйымдастырады және үйлестіреді;

26-20) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы (әскери факультеттердегі) оқу-материалдық базаны ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-21) шетелдік әскери оқу орындарында даярлау үшін Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін іріктеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-22) Қарулы Күштердегі дене шынықтыру дайындығы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-23) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери кафедра (әскери факультет) құру және оны тарату туралы шешім қабылдайды және ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери кафедра (әскери факультет) құру және оны тарату қағидаларын бекітеді;

26-24) меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

26-25) Қарулы Күштерді метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша қағидалар мен нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;

26-26) қорғаныс объектілерін салу, реконструкциялау және пайдалану үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалануға беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-27) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу үшін қорғаныс объектілерін иеліктен шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-28) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша иеліктен шығарылатын қорғаныс объектілерінің тізбесін әзірлейді;

26-29) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіп берілген әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жұмыс істеуін қамтамасыз ету шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын әзірлейді;

26-30) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторының жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26-31) арнаулы мемлекеттік органдардың әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектілерін қоспағанда, әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіп берілетін әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

26-32) әскери қатынастар органдары туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

26-33) әскери қатынастар органдарының қызметін ұйымдастырады;

26-34) әскери-техникалық талаптарды сақтау бөлігінде "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-1-бабы 5-

тармағында көрсетілген көлік инфрақұрылымы объектілерін салу, кеңейту, реконструкциялау, жаңғырту, консервациялау және кейіннен кәдеге жарату үшін жобалауға арналған тапсырманы және жобалау құжаттамасын келіседі;

26-35) Қорғаныс министрлігінің жанынан әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңесін құрады және ол туралы ережені бекітеді;

26-36) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді білім беру жеңілдіктерін алуға конкурстық іріктеу қағидаларын әзірлейді және оларды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен бірлесіп бекітеді;

26-37) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлық қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.05.2020 № 337-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.05.2022 № 123-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (қолданысқа енгізілу тәтібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

23-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының функциялары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы:

1) жедел-стратегиялық жоспарлауды, Қарулы Күштердің жауынгерлік және күнделікті қызметін қолдану мен оған басшылықты жүзеге асырады, олардың жауынгерлік құрамын айқындайды;

2) басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын әзірлейді;

2-1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысының директиваларын әзірлейді, әскерлерді жоспарлауды, дайындауды және жұмылдыра өрістетуді жүзеге асырады;

3) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштердің жұмылдыру жоспарын әзірлейді;

4) Қарулы Күштерді жауынгерлік және жұмылдыру даярлығында ұстап тұру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзету мен қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

6) қорғанысты ұйымдастыру саласында Қарулы Күштердің басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6-1) Қарулы Күштерді қолдану қағидаларын, Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау қағидаларын және Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау қағидаларын әзірлейді;

7) алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) Қарулы Күштерді әскери қызметшілермен жасақтауды және азаматтық персоналды қабылдауды ұйымдастырып, жүргізеді;

10) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың шет мемлекеттердің қарулы күштерімен бірге жедел қолданылуын және өзара іс-қимылының жоспарын әзірлеуге қатысады;

10-1) алып тасталды – ҚР 29.05.2020 № 337-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) кадрларды орналастыруды және әскери атақтар беруді жүзеге асырады, Қорғаныс министрінің қарауына номенклатураға сәйкес лауазымдарға тағайындау және әскери атақтар беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

12) Қарулы Күштерді қару-жарак, әскери техника мен басқа да қажетті материалдық құралдар түрлерімен қамтамасыз етуді, оларды пайдалануды, сақтауды, есепке алуды, есептен шығаруды және кәдеге жаратуды ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады, сондай-ақ бейбіт уақытта әскерлерді жұмылдыруды өрістетуге үшін осы құралдардың запастарын жинақтауды және орналастыруды жоспарлайды;

12-1) Қарулы Күштерге әскери мақсаттағы автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізуді ұйымдастырады;

13) Қарулы Күштерде әскери ғылымды дамыту бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

14) жеке құрамның жоғары жауынгерлік және моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында әскерлерді моральдық-психологиялық және идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

15) әскерлер қызметіне байланысты экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

15-1) Қарулы Күштерде шифрланған, кодталған, құпияландырылған байланысты, мемлекеттік құпияларды қорғауды, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарулы Күштерді қолдану және оны басқару, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен өзара іс-қимылды жоспарлау саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы соғыс уақытында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығы Ставкасының жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.04.18 № 429-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.05.2020 № 337-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк алпыс күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк алпыс күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Зандарымен.

23-1-бап. Қарулы Күштердiң түрлерi

Қарулы Күштердiң түрлерi:

1) Қарулы Күштердi қолдануды стратегиялық жоспарлау шеңберiнде Қарулы Күштердiң түрiн жедел-стратегиялық жоспарлауды жүзеге асырады;

2) әскери басқару органдарының, әскерлер (күштер) түрiнiң жауынгерлiк, жұмылдыру әзiрлiгiн және жауынгерлiк қабiлеттiлiгiн қамтамасыз етедi;

3) әскери басқару органдарын, әскерлер (күштер) түрiн дайындауды ұйымдастырады;

4) әскерлердiң моральдық-психологиялық дайындығын, әскерлер (күштер) түрiнде әскери тәрiптiң және құқық тәрiбiнiң сақталуын қамтамасыз етедi;

5) әскерлер (күштер) түрiнде алға қойылған мiндеттердiң орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тарау 23-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

23-2-бап. Әскери атташелер аппараты

1. Әскери атташелер аппараты Қарулы Күштердiң қарамағында және штат санында болады.

2. Шет мемлекетте әскери атташелер аппаратында әскери қызмет өткерiп жүрген әскери қызметшiлер Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында көзделген дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитет, еңбекке ақы төлеу және оның шарттары, әлеуметтiк қамсыздандыру және медициналық қамтамасыз ету мәселелерiнде дипломатиялық қызмет қызметкерлерiнiң тиiстi лауазымдарына теңестiрiледi.

3. Әскери атташелер аппаратының қызметiн қаржыландыру қорғаныс мұқтажы үшін бөлiнген бюджет қаражаты есебiнен, теңестiрiлген лауазымдар бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында белгiленген көлемде және тәрiппен жүзеге асырылады.

4. Әскери атташелер аппараты әскери қызметшiлерiнiң лауазымдарын Қазақстан Республикасының шет елдердегi мекемелер персоналына теңестiру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрiнiң және Қазақстан Республикасы Сыртқы iстер министрiнiң бiрлескен шешiмiмен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тарау 23-2-баппен толықтырылды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері

1. Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері:

1) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады;

2) ұсынылған қайырымдылық көмекті, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық шеңберінде көрсетілетін көмекті алуға және пайдалануға құқылы.

2. Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін және өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын қызметтерді көрсетуге және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен пайдалануға құқылы.

Қарулы Күштердің жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу саласында, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында маманданатын мемлекеттік мекемелері өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін және өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын қызметтерді көрсетуге құқылы. Осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджетке есепке жатқызылуға тиіс.

2-1. Алып тасталды – ҚР 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының ұсынысы негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша өздерінің иелігінде қалатын, кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) тарифтерді (бағаларды) бекітеді.

4. Қорғаныс министрлігі ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің жанынан олар орналасқан жерден тыс, уәкілетті органда есептік тіркеуге жатпайтын өзге де окшауланған құрылымдық бөлімшелер құруы мүмкін.

Өзге де окшауланған құрылымдық бөлімшелер Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілеген өкілеттіктердің бір бөлігін орындайды.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 16.11.2015 № 403-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2024 № 121-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

25-бап. Қарулы Күштердің орналастырылуы

1. Қарулы Күштердің орналастырылуы Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қарулы Күштерге пайдалануға берілген аумақтар шегіндегі құрамалардың, әскери бөлімдердің қайта орналастырылуы Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жоспарға сәйкес Қорғаныс министрінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Қарулы Күштердің құрамалары мен әскери бөлімдерінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналастырылуына Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде жол беріледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2020 № 344-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдар

1. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды құру, басқару және олардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдар қорғаныс мақсатында:

- 1) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын әзірлеуге қатысады;
- 2) Қарулы Күштермен бірлескен іс-қимылдарға даярлықты ұйымдастырады;
- 3) азаматтарды әскери қызметке даярлауға қатысады;

4) аумақты қорғанысқа жедел жабдықтау жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша нұсқауларын уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен бұйрығымен айқындалған тәртіппен орындайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қарулы Күштермен бірлескен жедел және жұмылдыру дайындығына тартылады.

3. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жабдықтау нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

5. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіп

берілетін әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің тізбесін әзірлейді және Қорғаныс министрлігіне бекітуге енгізеді.

6. Арнаулы мемлекеттік органдардың әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы арнаулы мемлекеттік органдардың шешімі бойынша әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторының қызмет көрсетуіне жатқызылуы мүмкін.

Әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіп берілетін арнаулы мемлекеттік органдардың әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайды.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда заңдылықтың сақталуын қадағалау, құқық тәртібін қамтамасыз ету және әскери қызметшілерді құқықтық қорғау

1. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты әскери прокурорлар жүзеге асырады.

2. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметшілерді құқықтық қорғауды, азаматтық және қылмыстық істерді қарауды соттар жүзеге асырады.

3. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда құқық тәртібін қамтамасыз етуді, алдын ала анықтау бойынша іс жүргізуді Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өз құзыреті шегінде әскери полиция жүзеге асырады.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-тарау. СОҒЫС КЕЗІ. СОҒЫС ЖАҒДАЙЫ. ЖҰМЫЛДЫРУ.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫСЫ. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АЙМАҚ ПЕН ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АУДАН

Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.04.18 № 429-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Соғыс кезі

1. Соғыс кезін Қазақстан Республикасына басқа мемлекет (мемлекеттер тобы не коалициясы) қарулы шабуыл жасаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Парламенті жариялайды.

2. Соғыс кезі жарияланған немесе соғыс қимылдары нақты басталған сәттен бастап соғыс уақыты басталады, ол соғыс қимылдарын тоқтату туралы хабарланған кезден бастап аяқталады, бірақ соғыс қимылдары нақты тоқтатылғаннан бұрын аяқталмайды.

29-бап. Соғыс жағдайы және жұмылдыру

1. Соғыс жағдайы режимі, жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актілерімен айқындалады.

2. Соғыс жағдайы кезеңінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, сондай-ақ оның құрамына кіретін Ұлттық ұланы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Авиация қызметі, Шекара академиясы және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын өзге де бөлімшелері, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен әскери бөлімдері және арнаулы құралымдар соғыс кезінің жариялануына қарамастан, агрессияға тойтарыс беру жөнінде ұрыс қимылдары мен өзге де іс-қимылдарды жүргізеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Азаматтық қорғаныс

1. Азаматтық қорғаныс Қазақстан Республикасының халқын және аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында ұйымдастырылады.

2. Азаматтық қорғаныстың міндеттері және оны ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңымен айқындалады.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-бап. Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы

1. Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы Қазақстан Республикасының халқын, аумақтық қорғаныс объектілерін және аумағын жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында қарсыластың әрекеттерінен қорғау мақсатында ұйымдастырылады.

2. Қазақстан Республикасы аумақтық қорғанысының міндеттері мен іс-шаралары Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-1-бап. Тыйым салынған аймақ пен тыйым салынған аудан

1. Тыйым салынған аймақ Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар арсеналдарының, базалары мен қоймаларының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

Тыйым салынған аймақ аумағында диверсияға қарсы және өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстарды қоспағанда, жеке адамдардың болуына, құрылыс салуға және қандай да болсын жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

Тыйым салынған аймақ аумағының шекарасы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларына сәйкес айқындалады.

2. Тыйым салынған аудан Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар арсеналдарының, базалары мен қоймаларының диверсияға қарсы қауіпсіздігін, сондай-ақ іргелес аумақтарда орналасқан халықтың, ғимараттар мен құрылысжайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

Тыйым салынған аудан аумағында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдарын, базалары мен қоймаларын тікелей пайдаланумен байланысты емес ғимараттар мен құрылысжайларды салуға, шаруашылық және өзге де қызметке, атыс қаруынан оқ атуға, пиротехникалық заттар мен бұйымдарды пайдалануға, атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерді орнатуға, ұшу аппараттарын, оның ішінде пилотсыз әуе кемелерін пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, байқауға, аудио-және бейнежазбаға, фототүсірілімге, ақпарат беруге арналған құралдарды, жүйелерді, құрылғылар мен аппаратураларды қолдануға тыйым салынады.

Тыйым салынған аудан аумағының шекарасы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 6-тарау 31-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.04.18 № 429-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді – ҚР 29.05.2020 № 337-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-

VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

32-бап. Қазақстан Республикасының қорғаныс саласындағы халықаралық ынтымақтастығы

1. Қазақстан Республикасының агрессиядан бірлесіп қорғануды қамтамасыз ету, бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі басқа мемлекеттермен ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес құрылады.

2. Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы Парламентінің Конституцияға сәйкес қабылдаған шешімі негізінде бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындайды.

3. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауға тікелей қатысқан және ұрыс қимылдарына араласқан Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің осындай қатысу кезеңі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

33-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнамасын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауаптылықта болады.

34-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2003 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 15-баптың 4-тармағын, 32-баптың 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 202-құжат; 1995 ж., № 8, 56-құжат; № 20, 120-құжат; № 22, 136-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 233-құжат; 2002 ж., № 3, 22-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 203-құжат).

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК